Главной целью праздника «Всемирный день качества» можно назвать привлечение внимания широкой общественности к проблеме качества предлагаемой продукции и услуг. Качество товаров и услуг в современных условиях является необходимым условием успешной деятельности любого предприятия и любой организации.

Понятие качества тесно связано с понятием уровня жизни - сохранением окружающей среды, физического здоровья и психологического комфорта человека.

В этот день традиционно во многих странах проводятся мероприятия, основными целями которых являются анализ качества продукции и услуг, предоставляемых различными организациями.

Уровень запросов наших потребителей все время растет. Отечественные товары и услуги уже давно могут успешно конкурировать с иностранными. Жесткая конкуренция и возможность свободного выбора оказывают большое влияние на производителей, заставляя их думать о качестве.

Решением вопросов качества продукции в нашей стране занимается Комитет по защиты прав потребителей МНЭ РК (далее Комитет), а также другие уполномоченные органы. Так, территориальные подразделения Комитета на основании утвержденного Комитетом плана-графика в рамках мониторинга качества и безопасности продукции на соответствие требованиям технического регламента Таможенного Союза осуществляют закуп продукции. В целях исполнения этого плана Актюбинское городское управление по защите прав потребителей за 9 месяцев текущего года было закуплено 561 видов продукций, которые были направлены для прохожде-

ния испытаний в Центр экспертизы. В результате проведенных экспертиз были выявлены, что 72 продукции не соответствовали требованиям технических регламентов Таможенного Союза по тем или иным показателям. Субъектам, которые реализовывали эти товары были выданы 72 предписаний о снятии этих продукций с продажи и устранений выявленных недостатков. Данные субъекты предпринимательства были привлечены к административной ответственности и на них наложены штрафы на общую сумму 548 400 тенге.

К наиболее распространенным вопросам, которые стоят перед этими службами, относятся претензии к качеству промышленных товаров (одежда, обувь, бытовая техника, сотовые телефоны и др.). Качество продовольственных товаров тоже оставляет желать лучшего. Потребители часто недовольны мясными полуфабрикатами, колбасными изделиями, рыбой, растительным маслом и другими продуктами.

Целью государственной политики, занимающейся вопросами качества, является обеспечение подъема экономики за счет конкурентоспособности отечественной продукции и услуг на внутреннем и внешнем экономических рынках.

Таким образом, потребителям необходимо, приобретая любую продукцию быть предельно внимательным, изучая его маркировку, а также требовать у продавца всю информацию о товаре согласно Закона Республики Казахстан «О защите прав потребителей».

## WORLD QUALITY DAY

*A. Uralbaeva*

Festival «World Quality Day» in many countries is celebrated annually on the second Thursday of November, and falls on the 10th day of 2016.World Quality Day was established in 1989. The initiators of this festival were the largest international organizations with the support of the United Nations.

The main purpose of the festival «World Quality Day» can be called to attract public attention to the problem of the quality of offered products. Quality of goods and services in modern conditions is a prerequisite for the success of any enterprise and any organization.

On this day, traditionally different events held in many countries, the main objectives of which are to analyze the quality of products and services provided by various organizations.

The population of our country, as well as other countries of the world should be able to acquire high quality products.

## ТӘУЕЛСІЗДІК. ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ

*А. Қалмұхамбетов*
*М. Тойбазар*

-Ел егемендігі тұсында ел-жұрт үлкен игіліктерді Елбасымен бірге жасап келеді. Қазақстан зайырлы құқықтық мемлекет болып әлем картасынан өзінің тарихи орнын алды. Бүгін біз құқықтық мемлекеттегі жаңалықтар және оның осы саладағы қолданыстары жайында сөз қозғаймыз. Тілші сұрағына Ақтөбе қаласы мамандандырылған әкімшілік сотының төрағасы А.Қ.Қалмұхамбетов және әкімшілік соттың судьясы М.Т.Тойбазар жауап береді.



***-Жаңартылған әкімшілік заңдылықтың ерекшеліктері қандай?***

***-Ақтөбе қаласы мамандандырылған әкімшілік сотының төрағасы А.Қ.Қалмұхамбетов:***

- Әкімшілік заңдылық мемлекеттік әкімшілдіктің жанындағы туындаған құқықтық қатынастарды реттейтін мемлекеттің қолындағы бірден-бір қажетті құрал болып табылады. Өз кезегінде әкімшілік құқықтың ажырағысыз бөлігі болып табылатын Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі әкімшілік заңдылықты бұзу немесе мемлекет айқындаған басқа да құқықтық нормаларды және жалпыға ортақ тәртіпті бұзған субъектілердің жауапкершілігін белгілейді, сонымен қатар, белгіленген нормаларды қолдануға еріксіз көндіруді айқындайды.

2015 жылғы қаңтардан бастап Республика соттары жаңа Кодекс талаптарын басшылыққа алып, жұмыс жасап келеді. Егер жаңа редакциядағы Кодекстің бұрынғыдан айырмашылығын айтатын болсақ, жаңа редакция жеке және заңды тұлғаларға өздерінің заңмен кепілдендірілген құқықтарын толық жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жаңалықтарды қамтыды. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша өндіріс жүргізетін уәкілетті органның немесе лауазымды тұлғаның іс-әрекетіне шағымдану институты, әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулыны жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайтадан қарау институты енгізілді. Тұлғалардың шағымдану құқықтары кеңейтіліп, іс бойынша қаулыға кассациялық сатыға шағымдану мүмкіндігі берілді.

-



***-Сот ісінде заманауи технологияны қолданудың маңызы қандай?***

***-Ақтөбе қаласы мамандандырылған әкімшілік сотының судьясы М.Т.Тойбазар:***

-Бұл ең алдымен сот жұмысының жеделдігін және сапасын арттырды. Қолжетімділік жағы да ілгеріледі.

Заманауи технологияның ең алғашқы көрінісі бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық сараптамалық (БААТЖ) бағдарламаны енгізуден бастау алды. Кейіннен бұл «Төрелік» ақпараттық жүйесі бағдарламасымен алмасты.

Ең алғашқы қолданысқа енгізілген БААТЖ жүйесі талап арыздарды тіркеу және қарау мерзімдерінің сақталуына бақылау жасады, ішкі және сыртқы ақпараттық жүйелермен қарым-қатынас қағазсыз құжат айналымы негізінде жүргізілетін болды. Түскен арыз-шағымдардың судьяларға автоматты түрде бөлінуі де халық сенімін арттыратын тетіктің бірі – «Төрелік» бағдарламасы арқылы сот отырысындағы дыбыс-бейне жазбалар және де сот отырысының хаттамалары автоматты түрде ортақ базаға түсетін болды. БААТЖ-дан жаңа жобаның басты артықшылығы да осында. Бұдан кейін жаңа технологияның тиімді көзі ретінде «Сот кабинеті» жүйесі тәжірибеге енгізілді. «Сот кабинеті» – ол сот органдарының сервисіне электронды түрде кіруге арналған терезе. Бұл бастама азаматтар мен заңды тұлғалардың өзіне ыңғайлы уақытта, үйден немесе кеңседен шықпай-ақ, онлайн режимінде ғаламтор арқылы электронды түрде талап-арыз беруіне, шағым, өтініш хатты жолдауына, сондай-ақ, істің қаралуы барысын бақылауына мүмкіндік береді. «Сот кабинетінің» судьялар мен сот мамандарының жұмысын жеңілдетуге де ықпалды екені даусыз. Олай де«Сот кабинеті» электрондық сервисін ілгері дамыту және жаңарту мақсатында мобильді құрылғы арқылы сот органдарымен берілетін, сервиске кіруге қамтамасыз етілетін «Сот кабинетінің мобильдік нұсқасының» қосымшасы әзірленді. Қосымша жеке және заңды тұлғаларға қолжетімді болып отыр.

Сот қызметкерлері тарапынан жүргізілген түсіндіру жұмыстарының нәтижесінде «Сот кабинетін» пайдаланушылар саны өскенін байқау қиын емес.

## ШИРЕК ҒАСЫРДАҒЫ ШИРАҚТЫҚ

*Ж.Қамбаров Әйтеке би аудандық орталық ауруханасының бас дәрігері*

Аз уақыттың ішінде еліміз бізден бұрын тәуелсіздік алған мемлекеттерді басып озды. Оның айқын көрінісін өзіміздің, Әйтеке би ауданындағы денсаулық сақтау саласындағы оң өзгерістерден көріп отырмыз. Егемендіктің алғашқы он жылы ішінде (2001-2003ж) Басқұдық, Құмқұдық және Әйке селолық ауруханалары ашылса, сол кездері Қарабұтақ селосында 40 кереуеттік аудандық туберкулез ауруханасы, он алты медициналық пункт халыққа тұрақты қызмет көрсетті. Біздің аудандағы барлық елді мекендердегі медициналық мекемелердің барлығы 25 жылдың ішінде тұрақты жұмыс жасағанын зор мақтанышпен атап өткен дұрыс. Соның нәтижесінде халыққа үзіліссіз медициналық көмек көрсетіліп келді. Ерекше қарқынды дамыған кезең ретінде «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде атқарылған іргелі істердің маңызы зор! Аудандағы емдеу-сауықтыру мекемелерінің материалдық-техникалық базасы жедел әрі қарқынды түрде жақсарды. Бұл көрсеткіш 2011-2015 жылдары 92 пайызды құрады. Денсаулық сақтау саласының аса бір күрделі саласы – перзентхана бөліміне фетальды монитор (ТСМ-4)-2шт, доплер анализаторы, анестезиологиялық монитор, интубациялық аппарат ИВЛ (нәрестелерге арналған - SLE 5.000-1 SLE 2.000) диатермикалық электрокоагулятор, кольпоскоп, жасанды тыныс қондырғысы, шақалақтарға арналған кювез, Оторит аппараты және дәріні өлшеммен беретін инфузомат қойылды. Ендігі мақсат – ана өлімі мен сәби шетінеу көрсеткішін азайту және оны мүлдем болдырмау.



Медицина мамандары заманауи жаңа қондырғылар мен құрылғыларды еркін меңгеріп әкетті. Егемендік жылдарындағы ел-халық денсаулығын нығайтуға үлкен ықпал еткен ұлттық скрининг бағдарламасы. Түрлі ауру белгісін ерте сатыда анықтап, емдеу ісін ерте бастағаннан көп нәрсе ұттық. Ең алдымен тұрғындардың өз денсаулығы алдындағы жауапкершілігі артты, олар бұрынғыдай ауруды асқындырмаудың маңызы зор екеніне көз жеткізді. Республикалық скрининг тұсында аудандық емхана базасы соңғы үлгідегі флюоростационарлық сандық аппаратпен, арнайы офтальмологиялық аппаратпен толықты. Емхана автопаркі жол талғамайтын екі көлікпен



және заманауи реанимобильмен жаңарды. Осындай материалдық игіліктердің арқасында жұмыс сапасы ерекше артты. Бүкіләлемдік ғаламтор байланысының да артықшылығы әлдеқайда сезілді. Ұлттық скринингтік тексерудің 2016 жылғы көрсеткіші бойынша 40-65 жас арасындағы 2329 тұрғын жүрек-қан тамыр ауруларына байланысты тексеріліп, 128 адам «Д» есепке алынды және сауықтырылды. Қант диабетіне де осынша адам тексеріліп, ауру белгісі анықталған 7 адам «Д» есепке тіркелді. Глаукомаға қарсы тексерілген 2458 тұрғынның арасынан 10 ересек адам «Д» есепке алынды. 0-17 жас аралығында скринингтен өткен 6995 баланың «Д» есепке алынғаны – 81, сауықтырылғаны – 322. 2007-2016 жылдары Әйтеке би ауданы бойынша 9 емдеу-сауықтыру мекемесі салынып, оған 145 млн. теңге қаражат жұмсалған.

## ТӘУЕЛСІЗДІК ӘПЕРГЕН ТАБЫС

*М. Қапашев. Алға аудандық орталық аурухананың бас дәрігері*

Тәуелсіздік жылдары Алға ауданында сегіз медициналық мекеме бой көтерді. 2005-2016 жылдар аралығында Талдысай, Құмсай, Аманкелді, Бесқоспа, Тіккайың, Нұрбұлақ медициналық пункттері тұрғызылса, Үшқұдық ауылында дәрігерлік амбулатория тұрғындарға есігін айқара ашты. Мерекелі жылы Көктоғай медициналық пункті қолданысқа берілді. Бұл мекемелер үкімет тарапынан қабылданған түрлі мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде салынды. Мысалы, Үшқұдық дәрігерлік амбулаториясы «Жол картасы – 2020» бағдарламасы бойынша жоспарланып, оған мемлекет қазынасынан 36 млн. теңге қаражат бөлінді. Аудан халқы көгілдір отын игілігін көруге қол жеткізді. Біртіндеп аудандағы барлық емдеу-сауықтыру мекемелерін жылыту мәселесі де көгілдір отынға көшіріле бастады. Бюджет ақшасын үнемдеу мақсатында аудандық ауруханаға қарасты селолық емдеу-профилактикалық мекемелері дербес газбен жылыту жүйесіне ауыстырылды.



Тұрғындарға 62 жоғары білімді дәрігер, 2 провизор қызмет етеді. Тәуелсіздіктің мерекелі жылы аудан халқын «Денсаулық» медицина пойызының құрамындағы республикалық Ұлттық ғылыми медицина орталықтарының, М.Оспанов атындағы БҚКМУ-нің, облыстың жоғары санатты тәжірибелі дәрігерлері қабылдау өткізіп, кәсіби жоғары медициналық қызмет көрсетті.

«Ұлы дала елі – Тәуелсіздіктің 25 негізі» атты күндер аясында «Ұлт денсаулығы» тақырыбында аудандық емханада «Ашық есік» күні өткізілді.

Ендігі мақсат, 2016-2020 жылдарға арналған Денсаулық сақтау саласын дамытудың «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде алғашқы медициналық-санитарлық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыру, мамандарды еңбекке ынталандыруды күшейту болып белгіленді.

## НҰРЛЫ БОЛАШАҚ

*Ә. Шарапатов Мәртөк аудандық*
*орталық ауруханасының бас дәрігері*

Өткен жылдар жылнамасының есебіне жүгінсек, 1990 жылы Мәртөк ауданындағы дәрігерлер саны – 64, орта буын медициналық қызметкерлер – 187 адам болыпты. Нарық алқымнан қысқан тұста дәрігерлер қатары 58-ге, орта медицина жұмысшылар 165-ке дейін азайды. Тек, 1994 жылдан бастап аудандағы денсаулық сақтау саласы күшейе берді, сол жылдары 200-ден аса медициналық құрылғылар мен құрал-саймандар алынды. Сол кездері дәрігерлердің өздеріне де таңсық болған функционалдық диагностика жасайтын спирограф, Холтер аппараттары, рентген сәулелік құрылғылары, маммографиялық, сандық УДЗ жүйесі, арт диагностикасына арналған флюроаппарат құрылғылары еңбек өнімділігін арттырып қана қоймай, емдеу сапасын да жақсартты. Тіпті, көз дәрігерінің кабинетіндегі заманауи құрылғы, хирургиялық бейне-эндоскопиялық кешен, жасанды тыныс беру құрылғысы, жаңа туылған нәрестелерге арналған интенсивті терапиялық аппараттар – бүгінгі мәртөктік дәрігерлердің мақтанышы, көз қуанышы. Осындай материалдық игіліктердің иесі – Мәртөк орталық аудандық ауруханасында қазіргі таңда 387 адам еңбек етеді. Олардың 50-і – дәрігер, 179-і – орта буын медицина мамандары. Сондай-ақ, мұнда жоғары санатты 7-дәрігер, жоғары санатты 14 орта буын маман бар.



Сондай-ақ алдағы уақытта осы бағытта медицина саласында жүйелі түрде жұмыстар атқарылатынын атап өтті. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың әр жылғы Жолдауында денсаулық сақтау саласы еш уақытта тыс қалған емес. Тіпті, Елбасы бұл салаға ерекше басымдылық береді деуге де әбден негіз бар. Оның айғағы – «Балапан», «100 мектеп, 100 аурухана», «Саламатты Қазақстан» т.б. мемлекеттік бағдарламалары. Осындай ұлт көшбасшысы тарапынан жасалған қолдауға сүйене отырып, аудан дәрігерлері қазақстандықтардың өмір сүру ұзақтығын 80 жасқа дейін жеткізу және одан да арттыру, медициналық туризмді дамыту, міндетті медициналық сақтандыру жүйесін енгізу, медициналық санитарлық алғашқы көмек саласын дамыту бойынша аянбай еңбек етуде.

## МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМА ЕЛ ИГІЛІГІНЕ

*А. Иманбаев Байғанин аудандық*
*орталық ауруханасының бас дәрігері*

Қазақ елі егемендігін алған жылдардың соңында денсаулық сақтау саласында жүргізілген реформалардың игілігін шалғайдағы байғаниндік тұрғындар да көріп отыр. Көлемі 6,0 млн. га жерге шашырай орналасқан 19 елді мекенде тұратын 22919 халыққа 48 керуеттік орталық аурухана, 7 дәрігерлік амбулатория, 15 медпункт пен Байғанин аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы дәрігерлік көмек көрсетуде. Байғанин аудандық ауруханасы ғимараты да мемлекеттік «100 мектеп 100 аурухана» бағдарламасы бойынша 2007 жылы бой көтерді. Іле-шала Баршақұм медпункті, Алтай дәрігерлік амбулаториясы, Жарлы дәрігерлік амбулаториясы салынды. Аурухананың техникалық базасы «Билитис», «Отарит» және глюкометр аппараттарымен жаңарды. Алдағы жылы лизингтік жүйе бойынша көп каналды 3G жаңа модулдегі УЗИ аппараты мен когулометр сатып алу жоспарда тұр. Тиісті мамандардың білімін жетілдіру жұмыстары да қарастырылған. Мамандармен қамтамасыз етілу көрсеткіші 10 мың халыққа шаққанда 78%. Қазіргі таңда аудандық ауруханада нарколог, окулист, дәрігер-лаборант, Ноғайты дәрігерлік амбулаториясында жалпы тәжірибелік дәрігер жетіспей тұр. Сонымен бірге рентгенолог, дерматовенеролог, фтизиопедиатр мамандықтары бойынша жас кадрлар аса қажет.

Туберкулезбен ауыратын науқастарға 2016ж-2810058,84т (2015-3085908,04) теңгеге дәрі алынды. Және туберкулезбен ауыратын 26 науқасқа 1 млн 999 300 теңге көлемінде әлеуметтік көмек жасалды, 10-адам мүгедектік топ алады. Осы жылдың ІІІ тоқсанына дейін Байғанин ауданында «Мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламасына» сәйкес барлығы 24 адам қаралып, алғашқы куәландырудан 6 адам, кезекті куәландырудан 14 адам өтті.

Аудандық аурухана деңгейінде мүгедектіктің алдын-алу бойынша аймақтық жоспар негізінде 48 стационарлық, 55 күндізгі стационарлық керуеттен мүгедектерді оңалтуға арналған 2 керуетте ІІІ тоқсанға дейін 21 науқас стационарлық ем алған. Осы айтылған жағдайларды саралай келе егемендік алған ширек ғасыр ішіндегі денсаулық сақтау саласындағы жүзеге асқан мемлекеттік бағдарламалар шын мәнінде ел-халықтың игілігіне қызмет етіп тұр деп сенімді айта аламыз.

## ҰЛТТЫҚ СКРИНИНГ-ҰЛТҚА ДЕГЕН ҚАМҚОРЛЫҚ

*Қ.Әбішев Мұғалжар аудандық*
*орталық ауруханасының бас дәрігері*

Тәуелсіздік жылдары қол жеткен табыстар жөнінде әрине, көп мағлұмат айтуға болады. Елбасының, үкіметтің тарапынан, жергілікті билік жағынан көрсетілген қолдау мен демеу ірі-ірі мемлекеттік бағдарламаларды табысты жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Мұғалжар аудандық ауруханасының дәрігерлер қауымы да осы 25 жылдың ішінде ірілі-ұсақты жеңістерге қол созды. Ең алдымен, аудан бойынша бірнеше емдеу-сауықтыру мекемлері бой түзеді, бұрынғы ғимараттарға сапалы да заманауи жөндеу жасалды. Денсаулық сақтау саласы бойынша жүргізілген мемлекеттік модернизация, «Саламатты Қазақстан», «Жүз мектеп, жүз аурухана», «Нұрлы жол», «Жүз нақты қадам» т.б. бағдарламалар шеңберінде аудандық емдеу ұйымдарының материалдық-техникалық базасы да жаңарды, жасанды. Кадрлердің сапалық көрсеткіші де артты. Бірақ, мен өз сөзімде, біздің мемлекет тарихында, оның ішінде денсаулық сақтау саласында маңызы зор Ұлттық скрининг бағдарламасына ерекше тоқталғанды жөн санадым. Республикалық акция аясында Мұғалжар аудандық орталық ауруханасында скринингтік зерттеулердің төмендегідей түрлері жүргізілді:

1) қан айналымы жүйесінің негізгі аурулары - артериалды гипертония, жүректің ишемиялық ауруы;



2) әйелдер мен еркетер арасындағы қант диабеті;

3) әйелдер арасындағы жатыр мойнының ісікалды, қатерлі ісігі;

4) әйелдер арасындағы сүт безінің ісікалды, қатерлі ісігі;

5) әйелдер мен еркетер арасындағы глаукома;

6) әйелдер мен еркетер арасындағы тік және тоқ ішектің ісікалды, қатерлі ісігі;

7) өңеш, асқазан, бауыр және еркектік безінің ісікалды, қатерлі ісігі;

8) Қуықасты безін анықтау;

Енді осы зерттеулердіңинәтижесіне үңілейік, скринингтік зерттеу¬ден 2015 жылы 3223 адам, 2016 жылы 3109 адам өтті. Қан айналым жүйесінің ауруы бойынша 2015 жылы - 146, 2016 жылы 130 науқас анықталды. Қант диабеті бойынша2015 жылы бақылаудан өткен - 2 адам, 2016 жылы - 4 адам анықталды. Глаукомадан 2015 жылы - 4 адам, 2016 жылы – 21 адам тіркелді. Жатыр мойының қатерлі ісігінің белгісі білінген 2015 жылы - 7, 2016 жылы 12 әйел, сүт безі обыры ауруы бойынша 2015 жылы - 80 , 2016 жылы - 99 әйел анықталды. Бұған қоса өңеш және асқазан қатерлі ісігі ауруы бойынша 2015 жылы - 3 , 2016 жылы - 6 адам анықталды. Науқастар дәрігерлер тарапынан бақылау және сауықтыру мақсатында арнайы «Д» есепке алынды. Қазіргі уақытта ауру белгісі білінген тұрғындар біздің дәрігерлер тарапынан жіті қадағалауға алынған. Бұл-ұлттық скрининг бағдарламасы екі жақты жауапкершілікті арттыра түседі, ең алдымен, әрине, әрбір адам өзі өз денсаулығы үшін өзі жауапты. Екінші тараптан дәрігердің де жауапкершілік жүгі аз емес. Осы екі мүдде бір мақсатқа жұмылып, бір мүддеге топтасқан уақытта- салауатты өмір салты салтанат құрараы сөзсіз.

## ӨТКЕЛДЕР МЕН ӨТКЕНДЕР

*Е. Демегенов Темір аудандық орталық ауруханасының бас дәрігері*

Тәуелсіздіктің алғашқы бесінші жылы, яғни, 1995 жылдан бастап, басқа салалармен қатар, медицина саласы да көптеген реформаларға ұшырады. Оның ішінде тиімдісі де, тиімсізі де болды.Мемлекеттің осы реформалардан  ұтқаны тек қана тәулік бойы емдеу орындарының 30-40 пайызға қысқартылып, күндізгі емдеу орындарын ашып, бюджет қаржыларын үнемдеу болды. Ал ұтылған жағымыз, әрине, білікті кадрларды жоғалту еді. Содан соң елді-мекендердегі шағын аурухана, дәрігерлік амбулатория мен медициналық пункттердің жалпылай жабылуы. Дейтұрғанмен, жабылған емдеу мекемелерінің барлық материалдық базасы бір ортаға топтастырылды, медициналық аспап, құрал-саймандардың, мекеме мүлкінің талан-таражға түсуіне жол берілмеді. Біртіндеп емдеу мекемелерін қайта ашу ісі қолға алынды. Мысалы, 2008 жылы Кеңкияқ өңіріндегі тұрғындарға қызмет көрсетуді жақсарту мақсатында жедел жәрдем бөлімшесі ашылып, оған іргелес 6 аймақ бекітілді. 2000 жылдағы мемлекеттік экономиканың әлденуіне орай біздің салада да үлкен және айтулы бетбұрыс болды. Емдеу мекемелерінің материалдық базасы заманауи медициналық құрал-жабдық, санитарлық автомашина, типтік үлгідегі ғимараттарды салумен жақсарды. Аса жетілдірілген рентгенофлюорографиялық қондырғылар, тыныс алдыру аппараттары, хирургиялық құрал-жабдықтары, сәбилерді емдеуге арналған аппараттар және стоматологиялық қондырғылар тұрғындардың игілігіне қызмет ете бастады.



Бүгінгі күні аудан халқына емдеу-диагностикалық көмек 64 керуеттік Темір аудандық орталық ауруханасында, 15 керуеттік Кеңкияқ селолық ауруханасында жасалады. Оған қоса, 5 дәрігерлік амбулатория, 16 медициналық пункті, 2 фельдшерлік-акушерлік пункті, санитарлық эпидемиологиялық станциясы тұрақты жұмыс жасап тұр. Аудандық туберкулез ауруханасы тұрғындар арасындағы өкпе құрты ауруына қарсы күрес жүргізіп келеді. Міне, Тәуелсіздіктің 25 жылында біздің сала мамандарының жүріп өткен жолына қысқаша шолу осындай. Басы қиын болғанымен аяғы жақсылық, жетістікке ұласқан ел егемендігі – ең басты олжамыз! Соңғы 10 жылдағы жаңару мен жаңғырулар, даму мен өсу бізді алдағы күндерге алаңсыз жетелейді.

## ӨСУ МЕН ӨРКЕНДЕУ

*С.Нұрбаев, Ойыл аудандық орталық ауруханасының бас дәрігері*







Тарихы терең Ойыл аудандық ауруханасының іргетасы 1850 жылдары қаланған екен. Және ол әйгілі «Көкжар жәрмеңкесі» саудагерлерінің қаржысына тұрғызылыпты. Көне ғасыр жәдігері қазір де аудан айбатына ерекше сипат беріп, аудан жұртының игілігіне «қызмет» етіп тұр. Әрине, аудандағы емдеу-сауықтыру ғимаратының басы бұл ескерткіш болғанымен, одан кейінгі жылдары бірнеше мекеме бой көтерді. Олардың арасында, әрине, тәуелсіздік жылдары тұрғызылған нысандардың маңызы зор.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың еліміздің басты байлығы –халық денсаулығына, жалпы саланы дамытуға аса зор көңіл бөліп отырғаны баршаға белгілі. «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы аясында аудан бойынша 10 елді-мекенде медициналық пункттер мен дәрігерлік амбулаториялар ел қолданысына берілді. Мысалы, Қарасу, Берсиев, Ойыл, Саралжын, Жекенді, Көсембай, Қайыңды, Ақсай, Амангелді және Жетікөл ауылда-

рының халқы заманауи әрі жаңа емдеу-сауықтыру мекемелеріне ие.
Бұған қоса 10 шақты дәрігерлік амбулаторияға күрделі жөндеу жүргізілді, атап айтар болсақ, Ақшатау, Құрман, Жамбыл, Құмжарған, Аққемер, Қаракемер, Қарасу, Құбасай, Екпетал, Теректі ауылдарындағы мекемелер. Қазіргі таңда осы дәрігерлік амбулаториялар мен медициналық пункттерде диагностика мен емдеудің соңғы әдістерін қолдана отырып, сапалы және мамандандырылған медициналық көмек көрсетілуде.
Аудан орталығында 2009 жылы күніне 200 адам қабылдауға мүмкіндік жасалған 60 керуеттік аурухана салынып, қолданыска берілді. Аурухана инновациялық медициналық құрал-жабдықтармен жабдықталған.
Сонымен қатар, дәрігерлер аса ауыр жағдайдағы сырқаттарға жедел мамандандырылған медициналық қызмет көрсету мақсатында орталықтандырылған телемедицина қызметін пайдаланып келеді.

2011 жылдан бастап 2 психолог және 6 әлеуметтік тұрғыдағы медициналық мамандар тұрғындар арасында әлеуметтік-ағарту жұмыстарын тұрақты атқарып келеді. Емдеу мекемелерінде аудан бойынша 159 медициналық қызметкер қызмет етеді, оның ішінде 33 дәрігер, 126 орта буын медицина қызметкерлері бар. «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша, жас мамандарды ауылдың емханалары мен ауруханаға жұмысқа тарту үшін, оларға көтерме жәрдемақы төлеу, тұрғын үй бөлу немесе алуға көмек көрсету сияқты әлеуметтік қолдау тұрақты жасалып келеді. Жыл сайын аудан дәрігерлерінің қатары 2-3 жас маманмен толығып тұрады. Жылдан-жылға дәрігерлер мен орта буын медицина мамандарының санаттылығы артып, еңбек өнімділігінің көрсеткіші жоғарылап келеді. Бұл еңбек жағдайының, мамандардың әлеуметтік жағдайының жақсылығын, емдеу мекемелерінің материалдық-техникалық базасының, автопаркінің ұдайы өсіп, өркендеуімен тікелей байланысты. Алдағы меже – «Денсаулық 2016-2020» мемлекеттік бағдарламасын абыроймен табысты атқару.

## ДОСТУПНАЯ И КАЧЕСТВЕННАЯ ПОМОЩЬ НАСЕЛЕНИЮ

*Р. Исаев*
*главный врач Хромтауской*
*центральной районной больницы*

В преддверии празднования 25-летия Независимости Республики Казахстан в Хромтауской центральной районной больнице открываются 2 новых отделения - это межрайонное травматологическое отделение, где медицинскую помощь получат больные с травматологической патологией из близлежащих районов - Карга-



линского, Иргизского, Айтекебийского районов; и отделение гемодиализа, предназначенное для лечения больных, состоящих на диспансерном учете с хроническими заболеваниями почек и нуждающихся в гемодиализе.

В целях раннего выявления и лечения патологии проводится скрининговое обследование населения района. Скринингом охвачены около 13 тысяч взрослого 11 тысяч детского населения. В результате проводимых мероприятий значительно улучшились основные медико-демографические показатели здоровья населения района: смертность населения снизилась на 4%, младенческая смертность снизилась на 28,5%.

В газете больницы «Омір-сый», которая выпускается ежемесячно, начиная с сентября 2013 года, публикуются материалы о деятельности больницы, также об оказании медицинской помощи: о сезонных заболеваниях; о профилактике острых и хронических заболеваниях; прививание навыков гигиены; организация здорового образа жизни и т.д.

Успешная работа больницы зависит от профессионализма кадров В 2016 году 19 врачей и 48 медицинских сестер прошли повышение квалификации. В 2016 году прибыло в район 7 врачей, в том числе 6 молодых специалиста - врачи общей практики. Молодым специалистам, прибывших на работу в период 2014-2015гг., в рамках Программы «С дипломом в село!» предоставлены социальные пакеты. При поддержке районного акимата пятерым врачам, в том числе 3 молодым специалистам, выделены 5 квартир. С целью закрепления вра-

чей-специалистов прибывших на работу в районную больницу, также предусмотрена оплата арендуемого ими жилья, из собственных средств больницы. Мы уделяем большое внимание постоянному совершенствованию и повышению квалификации медицинского персонала. С целью повышения квалификации врачи и медицинские сестры районной больницы проходят обучение, профессиональную переподготовку кадров (получение новой специальности) в Институтах усовершенствования врачей Астаны, Алматы. Кроме того, мы проводим обучение медперсонала на местах, в стенах своей больницы, с применением выездных циклов - семинаров.

В операционной установлена эндовидеохирургическая стойка. Функционируют физиотерапевтические отделение, отделение функциональной диагностики. Лечебно-диагностическая база поликлиники позволяет расширять виды оказываемой помощи. За счет республиканского бюджета на условиях финансового лизинга приобретена медицинская техника - «Видеокомплекс для эндоскопической хирургии», «Система оториноларингологическая модульная (лоркомбайн), «Компьютерный комплекс для офтальмологии», «Рентгенаппарат - дуга «С».

## ҰЛТ ДЕНСАУЛЫҒЫ- БОЛАШАҚТЫҢ ЖОЛЫ



*А. Есмағамбетов Шалқар аудандық орталық ауруханасының бас дәрігері*

Шалқар ауданында да денсаулық сақтау саласын одан әрі дамыту жөніндегі мемлекеттік тапсырмалар бойынша көптеген игілікті істер атқарылуда. Елбасының «100 мектеп,100 аурухана» бағдарламасының аясында аудан орталығында типтік жобада аурухана, емхана ғимараттары салынып пайдалануға берілді. Актоғай , Қауылжыр, Аққайтым, Тоғыз елді мекендерінде дәрігерлік амбулаторияларының, Мөңке би фельдшірлік акушерлік пунктінің жаңа ғимараттары бой көтерді. Бозой, Айшуақ дәрігерлік амбулаториялары күрделі жөндеуден өткізілді. Аудан бойынша материалдық –техникалық база заманауи түрде жаңарды. Шалқар ауданының тұрғындарына 78 керует орнымен орталық аурухана, 71 кереуеттік күндізгі стационар, ал, аудан бойынша 7- дәрігерлік амбулатория, 3- ФАП, 20-МП медициналық алғашқы санитарлық көмек көрсетеді. Аудандағы 46465 тұрғынға (оның ішінде балалар саны-12962, жасөспірімдер-1616,фертильді жастағы әйелдер саны-10068) орталық ауруханадағы - 75 дәрігер қызмет жасайды. Олардың арасында 7- маман жоғары санатты. Үш жүзге тарта орта буын медицина мамандарының 20-жоғары санатқа ие. «Дипломмен ауылға» республикалық бағдарламасы аясында ауданға 5 жас маман-дәрігер жұмысқа қабылданды.

Шалқар аудандық орталық ауруханасы облыс көлемінде алғашқылардың бірі болып жалпы дәрігерлік практика қағидаты бойынша аурудың алдын алу және психоәлеуметтік бөлім ашты. Оның құрамында дәрігерге дейін қаралу кабинеті, егу кабинеті, әйелдерді тексеретін сынақ кабинеті, дені сау бала кабинеті, салауатты өмір салтын қалыптастыру кабинеті, «Желкен» жастар денсаулық орталығы, психолог, әлеуметтік қызметкерлер және «Денсаулық» мектептері бар. Шалқар аудандық орталық ауруханасы тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі шегінде алғашқы медикосанитарлық көмекті, стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмектің жоспарланған көлемі бойынша жеңімпаз болып танылды. Ұлттық скринингтік бағдарлама жалғасуда, биылдың өзінде - 4393 адам жүрек-қан тамыр аурулары, 4393-тұрғын қант диабеті, 681-әйел сүт безі қатерлі ісігі, 4681 адам глаукома бойынша тексерілді және ауру белгісі анықталғандар мамандандырылған медициналық көмек алып, «Д» есепке тіркелді. Туберкулездің алдын алуда және аурушаңдықты азайту ісінде заманауи флюорографиялық қондырғының рөлі есепсіз! Жылжымалы флюорографиялық көлік елді- мекен тұрғындарына қалтқысыз қызмет етіп тұр. Флюорографиялық тексеруден 11 айдың ішінде –19786 адам тексеріліп , оң мәнді-79 адам табылды. Қатерлі ісік ауруларын тегін-дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету үшін бюджет есебінен 57 764 2900,00 млн теңге қаржы бөлінді және ол игерілу үстінде.

Тәуелсіздіктің 25 жылдығы аясында Шалқар ауданы тұрғындарына «Мәңгілік ел», «Денсаулық » , «Тәуелсіз Қазақстан» пойызы, «Әлеуметтік мәселелерді шешу» республикалық акция шеңберінде Астана, Алматы қалаларының ғылыми -зерттеу институттарының мамандары келіп медициналық көмек көрсетті. Еліміздің табысты болашағының негізі-ұлт денсаулығы екенін, оны күзету дәрігердің ең басты міндеті екенін Шалқар аудандық орталық ауруханасының ақ халаттылары жақсы біледі.

# ТУБЕРКУЛЕЗНЫЙ ПЛЕВРИТ

*М. Тарасова руководитель*
*МСЭ № 5 г. Актобе*

Встречается как самостоятельная форма, или сопутствует туберкулезу легких. По патогенезут экссудативного плеврита можно выделить три основных клинических варианта: аллергический, перифокальный и туберкулез плевры.





Патоморфологическая основа – обсеменение париетальной плевры туберкулезными бугорками. Вторичен по отношению к источнику диссеминации, но клинически проявляет себя самостоятельным заболеванием. Частота формы 3 – 6 %.

***1. Диагностические критерии:***

1) возраст заболевшего до 30 лет; 2) клинический симптомокомплекс – сухой кашель, чувство нехватки воздуха, лежит на больном боку или сидит (этим оберегает средостение от сдавления), лицо одутловато, шейные вены набухшие, небольшой цианоз губ, кожная складка на больной сторонгрудной клетки толще по сравнению со здоровой. Торпидность течениея; 3) синдром плеврального выпота – тупость звука при перкуссии, полное отсутствие дыхательных шумов на стороне тупости; 4) рентгенологически – косовидное затемнение,
смещение средостения в противоположную от затемнения сторону; 5) УЗИ плевральной полости подтверждает наличие жидкости; 6) данные плевральной пункции – экссудат, клетки в основном из лимфоцитов; 7) выделение МБТ туберкулеза из плеврального выпота; 8) гистологическое подтверждение туберкулеза по биоптату париетальной плевры; 9) выявление активного туберкулеза легких или другого органа, 10) контакт с больными туберкулезом; 11) положительная или гиперергическая проба Манту.

***2. Дифференциальная диагностика:***

а) парапневмонические плевриты после пневмонии, простуды, при ревматизме – ревматические плевриты (ревмокардии). Гидроторакс при недостаточности кровообращения при патологии сердца (миокардит, пороки). Опухолевые – злакачественное течение, отрицательные пробы Манту; б) симптомов интоксикации нет при гидротораксе и коллагенозах. При ревматическом плеврите наряду с интоксикацией боли сердца, артралгии; в) экссудат при неспецифических плевритах – нейтрофилы, флора. Волчаночный плеврит – волчаночные клетки. Онкология – «неисчерпаемость», геморрачический, атипичные клетки, г) биопсия.
При неэффективности лечения и наличии признаков инвалидности больные должны быть направлены на МСЭ.

# TUBERCULOUS PLEURISY

*M. Tarasova*

It occurs as an independent form or accompanied by pulmonary tuberculosis. According patogenez of exudative pleurisy can be divided into three main clinical variants: allergic, perifocal and tuberculosis of the pleura.

Pathological basis - pleural dissemination tubercles. It is secondary in relation to the Dissemination of the source, but it manifests itself clinically as independent disease. Frequency from 3-6%.

When treatment failure and the presence of signs of disability, patients should be sent to the ITU.

## ТӘУЕЛСІЗДІК ТӘУ ЕТЕР-ЖАЛҒЫЗ КИЕҢ!!!

*Еркіндігім.*
*Қасиеттім.*
*Қастерлім.*
*Өзің барда өзегімде жоқ шер мұң!*
*Кеше сенің келбетіңді арман ғып,*
*Боданына бұғауландық басқа елдің.*
*Бабалардың басын тігіп бәйгеге,*
*Аналардың жанарына жас бердің!*

*Уа, Еркіндік,*
*қош келдің!*
*Өзегімді өртке ораған қоғамда,*
*Өз үйіме өзім өгей болам ба?!*
*Алшаң басып жүре алмаса алты алаш*
*Азаттығым! Қадірің де жоқ онда!*

*...Саған жету қиын болса қаншалық,*
*Сақтап тұру қиынырақ одан да!*
*Алла берген азаттықтың әр сәті-*
*Аманат қой*
*Маған,*
*Саған*
*Оған да!*

**М.Салықов**

# 2017 жыл

## Қаңтар

| дс | сс | ср | бс | жм | сн | жб |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | 1 |
| 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |
| 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 |
| 23 | 24 | 25 | 26 | 27 | 28 | 29 |
| 30 | 31 | | | | | |

## Ақпан

| дс | сс | ср | бс | жм | сн | жб |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |
| 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 |
| 20 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 | 26 |
| 27 | 28 | | | | | |

## Наурыз

| дс | сс | ср | бс | жм | сн | жб |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |
| 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 |
| 20 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 | 26 |
| 27 | 28 | 29 | 30 | 31 | | |

## Сәуір

| дс | сс | ср | бс | жм | сн | жб |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | 1 | 2 |
| 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 |
| 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 |
| 24 | 25 | 26 | 27 | 28 | 29 | 30 |

## Мамыр

| дс | сс | ср | бс | жм | сн | жб |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |
| 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 |
| 22 | 23 | 24 | 25 | 26 | 27 | 28 |
| 29 | 30 | 31 | | | | |

## Маусым

| дс | сс | ср | бс | жм | сн | жб |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 1 | 2 | 3 | 4 |
| 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 |
| 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 |
| 26 | 27 | 28 | 29 | 30 | | |

## Шілде

| дс | сс | ср | бс | жм | сн | жб |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | 1 | 2 |
| 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 |
| 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 |
| 24 | 25 | 26 | 27 | 28 | 29 | 30 |
| 31 | | | | | | |

## Тамыз

| дс | сс | ср | бс | жм | сн | жб |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
| 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 |
| 21 | 22 | 23 | 24 | 25 | 26 | 27 |
| 28 | 29 | 30 | 31 | | | |

## Қыркүйек

| дс | сс | ср | бс | жм | сн | жб |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 1 | 2 | 3 |
| 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 |
| 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 |
| 25 | 26 | 27 | 28 | 29 | 30 | |

## Қазан

| дс | сс | ср | бс | жм | сн | жб |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | 1 |
| 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |
| 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 |
| 23 | 24 | 25 | 26 | 27 | 28 | 29 |
| 30 | 31 | | | | | |

## Қараша

| дс | сс | ср | бс | жм | сн | жб |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |
| 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 |
| 20 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 | 26 |
| 27 | 28 | 29 | 30 | | | |

## Желтоқсан

| дс | сс | ср | бс | жм | сн | жб |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 1 | 2 | 3 |
| 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 |
| 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 |
| 25 | 26 | 27 | 28 | 29 | 30 | 31 |

